

**2012 жылға арналған Жақсы ауданының аумағында тұратын халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Жақсы ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 9 қаңтардағы № А-0/06 қаулысы. Ақмола облысы Жақсы ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 2 ақпанда № 1-13-145 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Жақсы ауданы әкімі аппаратының 2013 жылғы 26 маусымдағы № 04-596 хатымен)

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Жақсы ауданы әкімі аппаратының 26.06.2013 № 04-596 хатымен)**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5, 7 баптарына сәйкес, аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2012 жылға арналған Жақсы ауданының аумағында тұратын халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесі белгіленсін:

- 1) ұзақ уақыт (бір жылдан артық) жұмыс істемейтін тұлғалар;
- 2) 21 жастан 29 жасқа дейінгі жастар;
- 3) бірде бірі жұмыс істемейтін отбасылардың тұлғалары;
- 4) емделудің толық курсынан өткен туберкулезбен ауыратындар;
- 5) техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарының түлектері;
- 6) уақытша және мезгілдік жұмыстардың мерзімі өткендіктен босатылған тұлғалар ;
- 7) 18 жасқа дейінгі балалары бар ата-аналар.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Ж. Бралинаға жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*И.Қабдуғалиев*